

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

А. С. Асилова
Ә. М. Нұрғазина

АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘОЖ 336.764.23

КБЖ 65.262.6

А 88

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
экономика және бизнес жоғары мектебінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған
(№5 хаттама 11 шілде 2017 жыл)*

Пікір жазғандар:

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *М.Т. Жоламанова*
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *Д.Т. Бохаев*
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *С.Ж. Пралиева*

Асилова А.С.

А 88 Ақша-несие саясаты: оқу құралы / А.С. Асилова,
Ә.М. Нұрғазина. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
– 108 б.

ISBN 978-601-04-2807-2

Оқу құралында ақша-несие саясатының құрылуы мен жүзеге асырылуы, Орталық банктердің қызметі, ақша-несиелік реттеу құралдарының жіктелуі және ашық нарықтағы операцияларды орындау шарттары мен тәртібі туралы тақырыптар қарастырылған.

Берілген мәліметтерді есте сақтауға жеңіл болуы үшін оқу құралында өзін-өзі тексеру сұрақтары, есептер мен тапсырмалар берілген. Оқу құралының мәліметтері ақша-несие саясаты саласындағы теориялық және тәжірибелік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Оқу құралы қаржы-экономикалық мамандықтарында оқитын студенттер мен магистранттарға, сонымен қатар қаржы нарығы мамандарына арналған.

ӘОЖ 336.764.23

КБЖ 65.262.6

ISBN 978-601-04-2807-2

© Асилова А.С., Нұрғазина Ә.М., 2017
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	4
КІРІСПЕ.....	5
I. АҚША-НЕСИЕЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ НЕГІЗДЕРІ.....	7
1.1. Ақша-несиелік қатынастардың теориялық негіздері және тарихи алғышарттары	7
1.1.1. Ақша-несие саясатының мәні	7
1.1.2. Ақша теорияларының тарихи дамуы	11
1.2. Ақша-несиелік реттеу негіздері.....	20
1.3. Ақша-несие нарығының субъектілері.....	23
1.4. Ақша нарығының негізгі көрсеткіштері	27
II. АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫНЫҢ МЕХАНИЗМІ.....	32
2.1. Ұлттық банктердің қызметі.....	32
2.2. Ақша-несие саясатының бағыттары.....	40
2.2.1. Ақша-несие саясатының басымдықтары	40
2.2.2. Ақша-несие саясатының режимдері.....	45
2.3. Ақша-несие саясатының құралдары.....	48
2.4. Сыртқы әсер ету арқылы ақша-несие саясатын жүзеге асыру...55	
III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫ	60
3.1. Қазақстан Республикасындағы ақша-несие саясатының ерекшеліктері	60
3.2. Ақша-несие саясаты құралдарының тиімділігін талдау	68
3.3. Алтын-валюталық резервтерді басқару ерекшеліктері.....	76
ҚОРЫТЫНДЫ.....	80
ГЛОССАРИЙ.....	83
ТАПСЫРМАЛАР	84
ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ.....	94
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ.....	105
1-ҚОСЫМША.....	107

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

АҚ	– акционерлік қоғам
ЕДБ	– екінші деңгейдегі банктер
МБҚ	– мемлекеттік бағалы қағаздар
АНС	– ақша-несие саясаты
АҚШ долл.	– АҚШ доллары
ҚР ҰБ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
Кәсіби қатысушы	– бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы
БҚН	– бағалы қағаздар нарығы
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
ШЖС	– шаруашылық жүргізуші субъектілер
БҚ	– бағалы қағаздар
ОД	– бағалы қағаздардың Орталық депозитарийі
ОБ	– Орталық банк
I	– Инфляция
KASE	– Қазақстан қор биржасы
WFE	– World Federation of Exchanges / Қор биржаларының әлемдік федерациясы

КІРІСПЕ

Ақша-несие саясаты тиімді мемлекет тұжырымдамасының жүзеге асыру стратегиясындағы негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Ақша-несие саясатының құралдары экономикалық субъектілердің қызметіне әсер ететін және олардың инвестициялық, экономикалық белсенділігінің шарттарын анықтайтын факторлары болып саналады. ҚР ҰБ-нің ақша-несие саясатын жүргізудегі қызметі өзге елдердегі монетарлық саясатты жүргізудің озық тәжірибесіне сүйенеді. Ақша-несие саясатын зерттеу әлемнің барлық мемлекеттердегі экономикалық қажеттіліктерінің негізгі маңыздылығымен анықталады.

«Ақша-несие саясаты» оқу құралы ішкі ақша-несие нарығының тұрақты дамуы үшін іс-шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етудегі теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында «Ақша-несие саясаты» пәнінің бағдарламасына сәйкестендіріліп құрастырылған.

«Ақша-несие саясаты» пәні – мемлекеттің экономикалық өсуіне ықпал ететін құралдардың қолданылуы мен іс-шаралардың кешенін зерттейтін тәжірибелік-бағдарланған курс.

Ақша-несие саясатының зерттеу саласына келесілер жатады:

- Орталық банктің қызметтері;
- ақша-несие айналымының ережелері;
- ақша-несиелік реттеу құралдарының қолданылу ережесі;
- алтын-валюталық резервтердің құрылу, инвестициялану және қолданылу ерекшеліктері;
- ақша-несие нарығындағы экономикалық субъектілердің қызмет ету ерекшеліктері.

«Ақша-несие саясаты» оқу құралының өзектілігі ақша нарығының мемлекеттің институционалды дамуына қажетті инвестициялық ресурстардың қайта бөлінуіндегі рөлімен анықталады. Оқу құралында берілген оқу-тәжірибелік мәліметтер отандық ақша-несие жүйесінің құрылу кезеңінен қазіргі уақытқа дейінгі инфрақұрылымның реформалануын ескереді. Сонымен қатар

оқу құралында аталған жүйенің банктік секторы, зейнетақы төлемдері жүйесі, бағалы қағаздар нарығы және қаржы нарығының басқа да салаларымен байланысын талдау берілген.

Студенттердің тәжірибелік дағдыларды игеруі үшін Қазақстан Республикасындағы ақша-несие саясатының жүзеге асырылу кезеңдері қарастырылған. Кейс-стади ретінде ашық нарықтағы операциялар мен алтын-валюталық резервтердің инвестициясына талдау жасалған.

Ақша-несие саясатының жалпы тұжырымдамасын оқу аясында қосымша шетел Орталық банктерінің қызмет ету ерекшеліктері қарастырылған.

Оқу құралы кіріспеден, қысқартылған сөздердің тізімінен, негізгі үш бөлімнен, он тараудан, тест сұрақтары мен тапсырмалар бөлімінен және глоссарий мен қорытындыдан құралған.

АҚША-НЕСИЕЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Ақша-несиелік қатынастардың теориялық негіздері және тарихи алғышарттары

1.1.1. Ақша-несие саясатының мәні

Ақша-несие саясаты – елдің ақша-несие айналымын және ақша-несие нарығы мен мекемелерді қолдауға бағытталған шаралар жиынтығы.

Бұл түсінік арқылы «Ақша-несие саясаты» пәнінің мақсаттары мен міндеттерін анықтаймыз.

«Ақша-несие саясаты» пәнінің мақсаты монетарлық саясатты жүргізудің ерекшеліктерін оқыту болып табылады.

«Ақша-несие саясаты» пәнінің міндеттері:

- ақша-несие саясатын жүргізу теориялары мен әдістерін оқыту;
- ақша-несиелік реттеу тәртібі мен шарттарын анықтайтын нормативтік-құқықтық базамен таныстыру;
- ақша-несие саясаты құралдарын талдау және оқыту;
- ҚР ҰБ және шетелдік Орталық банктердің қызметтерін оқыту;
- ҚР және шет мемлекеттердің ақша-несие саясатына талдау жүргізу.

«Ақша-несие саясаты» пәнінің оқыту пәні ақша-несие айналымын реттеуде қолданылатын монетарлық саясат пен құралдардың мазмұны болып табылады.

«Ақша-несие саясаты», «ақша-несие нарығы», «Орталық банк» түсініктерін қарастырамыз.

ҚР ҰБ сәйкес «Ақша-несие саясаты – айналымдағы ақша саны мен құнына ықпал ететін Орталық банк жүргізетін мемле-

кеттік экономикалық саясаттың бір бөлігін көрсетеді. Ұлттық банк ақша-несие саясатын баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырады» [29].

Egewise.com ақпараттық-талдамалық порталының мәліметтеріне сәйкес ақша-несие саясаты инфляцияны шектеу, тиімді айырбас бағамын сақтау, экономикалық өсуді қолдау арқылы қаржылық мәмілелерді басқару үшін Орталық банкпен жүзеге асырылады [30].

АҚШ-тың Федералды резервтер жүйесінің ресми сайтында былай көрсетілген: «монетарлы саясат» түсінігі – ұлттық экономикалық мақсаттарға жету үшін Федералды резерв сияқты Орталық банктердің ақша және несиенің құны мен қолжетімділігіне әсер ету қызметіне жатады [31].

Жоғарыда көрсетілген анықтамалардан «ақша-несие саясаты» және «монетарлы саясат» ұғымдарының сәйкестігін көреміз. Соңғы термин шетел әдебиеттерінде жиі қолданылады. Монетарлы саясаттың мәнін ұғыну үшін АҚШ-тың Германиядағы дипломатиялық миссиясын мысалға алсақ болады, ол арқылы Үкімет жұмысбастылықтың жоғарғы деңгейі мен баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында экономикалық белсенділіктің жалпы қарқынын басқарады. Бұл мақсатқа жету үшін екі негізгі құралды қажет етеді: салықтар мен шығындардың қажет деңгейін анықтайтын фискалды саясат және ақша мәмілелерін басқаратын монетарлы саясат. Федералды резервтер жүйесінің, АҚШ-тың тәуелсіз Орталық банкі қаржылық мәмілелерді басқарады және несиелерді қолданады (монетарлы саясат), ал президент пен Конгресс федералды шығындар мен салықтарды реттейді (фискалды саясат) [32].

Англия Банкінің монетарлы саясатының мақсаты бағалық тұрақтылықты – инфляцияның төмен деңгейін қамтамасыз ету болып табылады, осы арқылы экономикалық өсу мен тұрақтылыққа бағытталған Үкіметтің экономикалық мақсаттарына қолдау көрсетеді [33].

Еуропалық Орталық банктің мәліметтеріне сәйкес ақша-несие саясатының басты мақсаты бағалық тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады. Монетарлы саясат орындай алатын маңызды қызмет – экономикалық өсім мен жұмыс орындарының құрылуын біріктіру [35].

Әр түрлі көздерден алынған ақпараттарды қорытындылай келе «ақша-несие саясаты» термині елдің экономикалық өсу деңгейіне сәйкес төзімді қаржы жүйесін құратын және жалпы макроэкономикалық мақсаттарға жеткізетін монетарлы механизмді анықтайды.

Ақша-несие саясатының мақсаттары мен міндеттерін қарастырайық.

Монетарлы саясаттың негізгі мақсаты – қаржылық мәмілелерді және ақша-несие нарығына қатысушылардың қызметтерін реттеу. Көптеген мемлекеттерде, Қазақстанда да бұл саясаттың басты бағыты – баға тұрақтылығы, алдымен, инфляция деңгейін реттеу болып табылады.

Ақша-несие саясатының міндеттеріне келесілер жатады:

- ақша-несие айналымына жағдай жасау;
- ақша-несие нарығының дамуына жағдай жасау;
- ақша-несие жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз ету;
- ақшаның шығарылу, орналастырылу және айналымының шарттарын анықтау;
- несиелік мекемелердің қызмет ету ережелерін анықтау;
- төлем жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз ету;
- ақша сұранысы мен ұсынысының көлемін түзетуге бағытталған шараларды жүзеге асыру.

Ақша-несие саясатының ықпал ету саласы – ақша-несие нарығы мен ақша-несие жүйесі. «Ақша-несие нарығы» түсінігі ақша-несие жүйесіндегі қатысушылардың арақатынасын анықтайды. Өз кезегінде ақша-несие жүйесі мемлекет көлемінде ақша-несие ресурстарының сақталуын, жүгінуі мен шығарылымын қамтамасыз ететін қаржылық ұйымдардың жиынтығынан тұрады.

Ақша-несие саясаты экономика жүйесінде келесідей концептуалды функцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- реттеушілік;
- бақылаушылық;
- шектеушілік;
- ынталандырушы;
- бөлушілік;
- инвестициялық.

Орталық банктер ұлттық валютаның айырбас бағамын реттеу, сонымен қатар инфляция деңгейін реттеуді жүзеге асырады.

Одан бөлек, монетарлы басшылық ақша жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында түрлі құралдарды қолданады.

Бақылаушылық функциясы ақша-несие жүйесі қатысушыларының қызметін бақылауға мүмкіндік беретін Орталық банкпен және өзге қаржылық билікпен қолданылатын іс-шаралар кешенін көздейді.


Ақша-несие саясаты құралдарының қолданылуы шаруашылық субъектілердің экономикалық белсенділігін шектеуге немесе ынталандыруға мүмкіндік береді.

Бөлушілік және инвестициялық функцияның мәні келесідей, ақша-несие нарығы мемлекеттің қаржы нарығының бөлігі болып табылады және экономикалық субъектілер арасында қаржылық ресурстарды бөлуде қатысады.

Ақша-несие нарығының мемлекеттік реттелуі ондағы операциялар мен мәмілелердің өткізілу тәртібі мен шарттарын орнататын нормативтік және құқықтық актілердің әзірленуін көздейді.

Ақша-несие жүйесінің объектілеріне қолма-қол және қолма-қолсыз түрдегі ақшалар, несиелік ресурстар, пайыздық мөлшерлемелер, сонымен қатар өзге ақшалай эквиваленттер мен өтімді активтер жатады.

Ақша-несие нарығы бірнеше сегменттерден тұрады – ақша-несие қатынасыны объектісі саралау негізі болып табылатын субнарықтар. Ақша-несие нарығына енетін нарықтар тізімі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Ақша-несие нарығы

Ескерту: қолданылған материалдар негізінде құрастырылған

Ақша-несие нарығы құрамына келесілер кіреді:

- ұлттық валютаның қолма-қол айналым нарығы;
- қолма-қолсыз есептеу мен төлемдер нарығы – электрондық ақшалар айналысы нарығы;
- шетелдік валюта нарығы, немесе валюта нарығы валюта құралдарының айналыс орны болып табылады. Бұндай нарық биржалық және биржалық емес болып бөлінеді;
- қысқа мерзімді қорлануға арналған РЕПО операциялар нарығы;
- валюталық деривативтер нарығы немесе әр түрлі валюталық активтер негізін құрайтын туынды қаржылық құралдар нарығы;
- несие нарығы;
- депозит нарығы;
- банкаралық несие және депозиттер нарығы.

Сонымен, ақша-несие саясаты ақша-несие айналысын қолдауға және тиімді ақша-несие нарығын құруға бағытталған іс-шаралар кешені болып табылады.

Тұрақты экономикалық даму мақсатындағы монетарлы саясаттың мәнділігі мен маңыздылығын қорыта отырып, «Ақша-несие саясаты» пәні Орталық банктердің қызметімен байланысты, сонымен қатар ақша-несие айналысын қамтамасыз етуде қолданылатын құралдармен байланысты білім мен дағдылардың қалыптасуына бағытталған.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Ақша-несие саясаты қандай функциялар мен міндеттер атқарады?
2. «Ақша-несие жүйесі» түсінігі қалай анықталады?
3. Ақша-несие нарығы қандай функциялар мен міндеттер атқарады?
4. Монетарлы саясаттың түсінігі мен мәні неде?
5. «Ақша-несие саясаты» пәнінің мақсаты мен міндеті неде?
6. Қаржылық құралдардың түрлеріне байланысты ақша-несие нарығының құрылымына қандай салалар (нарықтар) кіреді?
7. Ақша-несиелік реттеуде қандай негізгі түсініктер қолданылады?

1.1.2. Ақша теорияларының тарихи дамуы

Ақша-несиелік қатынастар дамуының тарихи алғышарттары ақша мен несиенің дамуына негізделеді.


1. Ақша.

Ақшаның пайда болу тарихы тауарлық өндіріске айналған үй шаруашылығымен байланысты. Тауарлық өндіріс өз кезегінде өнеркәсіптік өндірістің дамуына алып келді.

Ақша тауарлы-шаруашылық объектісі ретінде келесідей эволюциядан өтті:

- табиғи формадан металды формаға;
- металдыдан қағаз формаға;
- қағаздан электронды формаға.

Жалпылама теориялар мен зерттеулер нәтижесінде ақшаның әр түрлі формаға өзгеруі 2-суретте бейнеленген.



2-сурет. Ежелгі кезден 9 ғасырға дейінгі ақша формасы

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [25]

Ақшаның бартерлі формасы еңбек бөлінісі пен өндірістің дамуы салдарынан өзін жоғалтты. Бұл форманың қолайсыздығы тиісті айырбас эквивалентін анықтаудың мүмкінсіздігімен байланысты болды.

Металдардың бөлінгіштігі, сиректігі оларды бірыңғай ақша ретінде қолдану мүмкіндігін туындатты. Қымбат металдар – алтын мен күміс құндылығы оларды осы мақсатта әр түрлі континенттерде бірыңғай қолдануда маңызды фактор болды. Монеталар, құймалар және металдардың өзге формалары төлем қаражаттары мен жиынтық байлыққа айналды.

Нәтижесінде қағаз ақшалар металл ақшаларды айналыстан шығарып тастады және әлемде кеңінен таралды. Ғылыми-техникалық дамуы арнайы ақпараттық жүйелерде электронды жазбалар формасында құралатын электронды ақшалардың пайда болуына алып келді.

Экономикалық ғылымда «ақша адамзат қажеттілігі үшін ойлап табылған айырбас эквиваленті» деген пікір бар.

Ежелгі кезден қазіргі уақытқа дейін экономикалық ойлар эволюциясы ақша мен несие туралы әр түрлі теориялар мен көзқарастар бар екендігін көрсетті. Кейбір теориялар мен көзқарастар тезисін 1-кестеде қарастырамыз.

1-кесте

Ақша туралы экономикалық ойлардың эволюциясы

Өркениет/мектеп <i>Қайнар көзі/ойшыл</i>	Ақша және несие туралы тезистер
1	2
I. Ежелгі Шығыс	
<i>«Речение Инусера» қайнар көзі (Ежелгі Египет)</i>	... «ссудалық операциялар мен қарыздық құлдықтың басқарусыз өсуін болдырмау»
<i>Хаммурапи Кодексі (Вавилон)</i>	Қарыздарды уақытылы төлемеу жер телімдерінен айырмайды Қарыздық құлдық уақыты 3 жылдан ұзақ емес «Ақшалы ссуданың шегі 20 %-дан аспайды, табиғи – бастапқы сомасынан 33 %»
<i>«Гуань-цзы» трактаттары (б.э.д. IV-III., Ежелгі Қытай)</i>	Алтын мемлекеттік ресурстарды есептеу шарасы ретінде. ... «нан бағасын мемлекеттік реттеу» Байлықтың құрамы – алтын, інжу және тауарлық маңыздылығы бар өзге де материалдық игіліктер

1	2
<i>Ксенофонт</i> (б.э.д. 431-354 <i>Ежелгі Грекия</i>)	«Ақшаны адамдар тауар айналымы мен байлықтың жинақталуын іске асыру үшін ойлап шығарды»
<i>Аристотель</i> (б.э.д. 384-332, <i>Ежелгі Грекия</i>)	«...ақша қызметтері айналым құралы мен құн өлшемін көрсетеді, сондай-ақ экономика саласына жатады», ал ақшаны «капитал ретінде қолдану – хрематистика саласына жатады»
II. Орта ғасыр	
<i>Ибн-Хальдун</i> (1132-1406, <i>Солтүстік Африка</i>)	Ақша «алтын және күмістен тұратын толық құнды монеталар» рөлін орындау қажет
<i>Ф. Аквинский</i> (1225-1274, <i>Италия</i>)	Ақшаның пайда болу себебі «Сауда мен айналымдағы дұрыс өлшемге жету үшін адамдардың еркі болды»
III. Меркантилизм	
<i>Ақшаның номиналистік теориясы</i> (XVб – XVI., <i>Ерте меркантилизм</i>)	... «алтын мен күміс монеталар айналымында тұрақты қатынас орнайды (бейметалдық жүйе)» «ереже бойынша үкімет ұлттық монетаның құндылығы мен салмағын төмендеті отырып, оны құртумен айналысады»
<i>Ақшаның сандық теориясы</i> (XVI – XVII ғ., <i>кейінгі меркантилизм</i>)	... «ақша құны оның санына кері пропорционал; баға деңгейі ақша санына тура пропорционал; ақша ұсынысының өсуі оған сұранысты арттыра отырып, саудаға әсер етеді»
IV. Классикалық мектеп	
	«Ақша – тауар әлемінен стихиялы түрде бөлініп шыққан тауар; ақша айырбас үдерісін жеңілдететін техникалық құрал, зат»
<i>А. Тюрго</i> (1727-1821, <i>Франция</i>)	... «алтын мен күміс бағасы тек басқа тауарлармен салыстырғанда ғана емес, сонымен қатар бір-бірімен қарым-қатынаста өзгереді»
<i>А. Смит</i> (1723-1790, <i>Шотландия</i>)	«Ақша – үлкен айналым құралы»
<i>Дж.С. Милль</i> (1806-1873, <i>Англия</i>)	«Ақшаның өз құны ақша санына кері пропорционалды өзгереді: кез келген артуы оның құнын төмендетеді, ал кез келген төмендеу оны бірдей пропорцияда жоғарылатады»

1	2
V. Экономикалық романтизм	
<i>П. Прудон</i> (1809-1865, Франция)	«ақшаны жою және оның орнына айналым бондарын енгізу; пайызды қайтарымсыз (пайызсыз) қарызды ұйымдастыру арқылы жою»
Мажинализм	Ақшаның маңызды функциялары – айналым құралы, күн өлшемі, жинақтау құралы немесе қорлану қоры
<i>К. Менгер</i> (1840-1921, Австрия)	«Айырбас – тек пайда емес, сонымен қатар қолданыстағы айырбас қатынасынан алуға болатын экономикалық пайданың бір бөлігін тартып алатын айырбас операциясынан туындаған экономикалық құрбан»
VI. Неоклассиктер	
<i>И. Фишер</i> (1867-1947, Америка)	Айырбас теңдігі $MV = PQ$
<i>А. Пигу</i> (1877-1959, Англия)	«Ақша өтімділігінің орны қандай дәрежеде болса, тиісті баға түзету сондай дәрежеде өтеді»
VII. Кейнстік	
<i>Дж.М. Кейнс</i> (1883-1946, Ұлыбритания)	«Нарықтық қатынастар жүйесі жетілмеген және өзін-өзі реттемейді, экономикалық өсу мен тұрақтылықтың мүмкін болатын жоғары деңгейіне мемлекеттің экономикаға белсенді араласуы арқылы қол жеткізуге болады» «Мемлекет тиісті салық жүйесімен, пайыз мөлшерлемесін шектеу, тағы басқа жолдармен өзінің бағыттаушы ықпалын жүргізе алады»
VIII. Неокейнсиандық (50 ж. XX ғ.)	«Экономикалық үдерістер сипаты мен динамикасының жинақ пен инвестиция арасындағы пропорцияға тәуелділігі тұжырымдамасы: жылдам өсу біріншіден – баға деңгейінің жоғарылау себебі, екіншіден – кәсіпорындарда ресурстарды толық пайдаланбау себебі»
IX. Монетаризм	
<i>М. Фридмен</i> (1912-2006, АҚШ)	Экономикалық үдерістерде ақша, ақша массасы және ақша айналымы ұғымдарының жандануы «Инфляция ақша әсерінен ғана болмайды» [22, 568 б.].
<i>Ескерту:</i> қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [19]	

Экономикалық теорияда бағыттар мен мектептердің дамуы ақша теориясының қазіргі теорияларын қалыптастырды. XX ғасырдағы ұлы экономистер постулаттарының көпшілігі Орталық банктер қызметтерінде қолданылады.


Олардың біріне сұраныс пен ұсыныс теориясы, ақша сандық теориясы жатады.

1. Сұраныс пен ұсыныс

Макроэкономикалық тепе-теңдікке ақшаға деген сұраныс пен ұсыныс теңдігі арқылы жетуге болады.

Үй шаруашылығы мен фирмалар қысқа, орта және ұзақ мерзімді қарыздық қаражаттарға сұранысты тудырады. Сонымен қатар сұраныс – бұл ұйымдар мен үй шаруашылықтары нарығында белгілі бір пайызды тартатын қаражат көлемі.

Ақша ұсынысы қазіргі нарықта фирмалар мен үй шаруашылықтары, сондай-ақ қаржылық мекемелер жинағы – инвесторлардың қаржылары есебінен құралады, қаржылық мекемелер меншікті және тартылған активтерді жинақтайды. Ұсыныс – күтілген пайыз мөлшерлерлемелерін инвесторлар қамтамасыз ете алатын қаражат көлемі. Ақша ұсынысы ұлттық және шетел валюталарындағы активтер есебінен құралады. Сұраныс пен ұсыныс қисығы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Нарықтағы сұраныс пен ұсыныс теориясы

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [19, 21, 22]

Бұл график несиенің нарығына арналған. Нарық тепе-теңдік жағдайда, сұраныс пен ұсыныс көлемі тең. Бұл түзулердің қиылысу нүктесінде тепе-теңдік пайыз мөлшерлемесі ретінде баға орнайды.

Ақшаға сұраныстың қарапайым функциясы ақша қаражаттарына тура тәуелділікті, ал пайыз мөлшерлемесі көлеміне кері тәуелділікті анықтайды [22].

2. Трансакциялық сұраныс теориясы

Экономикалық теорияға сәйкес ақша сұранысының қазіргі теориялары жеке экономикалық агенттердің нақты ақша қорларының белгілі бір деңгейін қолдау артықшылығын талдайды. Дж. М. Кейнс өтімділікті қалау теориясын ұсынды, онда жинақтарды ақшалай формада сақтауға итермелейтін 3 мотив бар: трансакциялық, спекулятивті (алып-сатарлық) және алдын-алу.

Адамдар ақшаларын келісімдерді жүзеге асыру үшін сақтайды (трансакция) – табыстың артуымен жүргізілген келісімдер саны көбейеді. Трансакциялық сұраныс теориясы ақшаның сандық теориясымен байланысты [22, 456 б.].

Өз кезегінде ақшаға деген спекулятивті сұраныс пайыз мөлшерлемесіне тәуелді. Сонымен қатар алдын-алу мотиві «анықталмағандық шартында индивидті күтпеген төлемдер жасауға мәжбүр болуы мүмкін» екендігін болжайды. Сондықтан ол «қолма-қол ақшаның жетіспеушілігін болдырмау үшін өзінде белгілі бір ақша қаражатын» сақтайды [22, 456-457 б.].

3. Ақшаның сандық теориясы

Экономика ғылымында ақша туралы теориялардың маңызды постулаттары бар. Олардың біріне келесі формуламен көрсетілген ақшаның сандық теориясы жатады [19, 454 б.; 22 368 б.]:

$$M \times V = P \times Y, \quad (1)$$

мұндағы M – ақша массасы;

V – ақша айналымының жылдамдығы;

P – баға деңгейі;

Y – ұсыныс деңгейі.

Көрсетілген модель басқа көрсеткіштердің берілген мәнінде компоненттердің бірін бағалауға мүмкіндік береді. Өзге әде-

биеттерде (Y) ұсыныс көлемін (Q) деп белгілейді – тауар, жұмыс, қызмет өндірісінің көлемі.


Теорияға сүйене отырып кембридж теңдігі ретінде белгілі келесі формула ұсынылған болатын:

$$M = kPY, \quad (2)$$

мұндағы $k = 1/V$ – номиналды табыс пен қаланған ақша қорлары арасындағы пропорционалдылық коэффициенті, яғни шаруашылық агенттерінің ақшалай формада сақтағысы келетін табысының бір бөлігі немесе монетизация коэффициенті [22 б. 454].

4. Неоклассикалық модель

Неоклассикалық модельге сәйкес ақшаға жиынтық сұраныс – бұл номиналды табыс функциясы (PY), ал ақша ұсынысы экзогенді болады. Теория төмендегі 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. Ақша нарығындағы неоклассикалық тепе-теңдік моделі

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған


Ақша нарығының неоклассикалық моделінде ақшаға деген трансакциялық сұраныс ескеріледі [22, 456 б.].

5. «IS-LM» моделі

Кейнсиандық теория базасында IS – жинақ-инвестиция; LM – ақша өтімділігін көрсететін, түзулердің қиылысуы көмегімен ақша нарығы мен шынайы нарықтағы тепе-теңдікті бейнелейтін «IS-LM» моделі құрастырылды.

IS қисығы жинақ пен инвестиция теңдігі жағдайындағы пайыз мөлшерлемесі мен табыс арасындағы әр түрлі байланысты көрсетеді.

LM қисығы экономикада ақша нарығының теңдігін сипаттайды және ақша нарығының теңдігі жағдайында пайыз мөлшерлемесі құрылымы мен шынайы табыс деңгейін көрсетеді – 5-сурет.



5-сурет. «IS-LM» тепе-теңдік моделі

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған

Ақшаға немесе пайыз мөлшерлемесіне ұсыныстың өзгеруі LM қисығының орын ауысуына алып келеді, бұл нарықта жаңа тепе-теңдікті туындатады.

«IS-LM» моделі шығын көлемінің өзгерісіне алып келетін жиынтық сұранысқа ықпал етеді.

Қазіргі өркениет басымдығына сүйенсек, әр мемлекет монетарлық реттеу мен бақылау құралдары арқылы экономикаға ықпал ету деңгейін анықтайды. Ақша-несие саясатын жасау осы саладағы ішкі ақша-несие саясатының ерекшеліктерін есепке ала отырып қолданыстағы теориялар мен тәжірибелерге сүйенеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Натуралды және ақшалай формадағы ақшалардың пайда болу табиғаты қандай?
2. Ақшаның пайда болуына қандай факторлар әсер етті?
3. Әр түрлі экономистердің ақша қатынастарының пәні, субъектісі және маңызы туралы пікірлері қалай тұжырымдалады? (Дж.Ло, И.Т. Посошков, Д.Юм, Дж. Стюарт, А. Смит, Пол Самуэльсон, Джон К. Гелбрейт)

4. Ақша теориясының қандай негізгі ерекшелігі бар?
5. Ақшаның металды және номиналистік теорияларының қандай айырмашылықтары бар?
6. Монетаризм мен кейнсиандық теорияларының ақша-несие қатынастары бойынша негізі постулаттары қандай?
7. Қлассикалық және неоклассикалық теорияларының ақша-несие қатынастары бойынша мәні қандай?

1.2. Ақша-несиелік реттеу негіздері

Ақша-несие нарығы ел экономикасының және қаржылық жүйенің секторларының бірі болып табылады. Өзінің табиғаты бойынша сыртқы әсерлерге ликвидті және сезімтал келетін бұл нарық әртүрлі қауіптерге көп ұшырайды. Сонымен қатар, жеке-леген тұлғалар артық мөлшердегі кіріс алу үшін қаржылық құралдармен қасақана түрде құқық бұзушылық әрекеттер жасауы мүмкін. Қауіптер мен тәуекелдердің алдын алып, аталған сектордың тұрақтылығын арттыру үшін, сондай-ақ нарық қатысушыларының мүдделерінің бұзылуына алып келетін, қаржылық құралдармен арам пиғылды әрекеттерді болдырмау үшін оның қатысушыларының қызметтерін мемлекеттік реттеу қажет болып табылады.

Ақша-несие нарығын мемлекеттік реттеу келесідей мақсаттарды көздейді:

- қаржы нарығының және ақша-несие жүйенің тұрақтылығын және беріктігін қамтамасыз ету;
- ақша-несие нарығының дамуына қолдау көрсету;
- тәуекелдерді азайту;
- нарықтың және оның қатысушыларының жұмыс жасауына қолайлы жағдайлар қалыптастыру,
- ақша-несиелік қатынастарды іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- ақша-несиелік айналымды дамыту.

Мемлекеттік реттеудің міндеттері:

- ақша-несие нарығының қатысушылары қызметін іске асыру және жұмыс жасау ережелерін бекіту;
- ақша-несиелік айналым ережелерін бекіту;

- нарықтың ақша-несие жүйесін дамыту бойынша саясатты іске асыру;
- нарық қатысушыларының құқықтарын және мүдделерін қорғау;
- ақша-несие жүйесін инфрақұрылымдық дамыту.

Мемлекеттік қызметтеріне келесілерді жатқызуға болады:

- нормативтік және құқықтық база жасау;
- нарық қатысушылары мен олардың қызметтерін бақылау және реттеу;
- жүйелік тәуекелдерді реттеу;
- төлем жүйесінің жұмыс жасауын қамтамасыз ету;
- ақша-несиелік операцияларды жүргізу және нарықта қаржылық құралдармен мәмілелер жасау.

Ақша-несиелік реттеу саласындағы саясат – тұрақты, тиімді және бәсекелестікке қабілетті Ақша-несие жүйесіні қалыптастыруды көздейді. Мұндай саясат келесі мақсаттарға бағытталады:

- инфрақұрылымдық ұйымдарды дамыту;
- төлем жүйесін қалыптастыру;
- қаржылық құралдар мен операциялар тізімін кеңейту;
- нарық тартымдылығын арттыру;
- ақша-несиелік қатынастар қатысушыларының құқықтарын қорғау;
- халықаралық стандарттарды енгізу;
- жергілікті нарықтың жаһандық жүйеге бірігуін арттыру.

Мемлекеттік реттеудің және нарық қатысушыларының өзара байланысы 6-суретте көрсетілген.

Мемлекеттік реттеу қаржы нарығының, ақша-несие жүйесінің, инвестициялық саясаттың, макроэкономикалық дамудың басымдықтарын және басқа да бағыттарды ескеруі керек. Қаржылық секторға, инвестициялық және экономикалық үдерістерге тартылған ақша-несие нарығы деңгейі ақша-несиелік қатынастардың даму сипатын айқындайды.

Орталық банктер және басқа да қаржылық биліктер тиімді қаржы нарығын қалыптастыру бойынша ағымдағы міндеттерді іске асыруда негізгі рөлді атқарады. Аталған органдар нарықтың өзін де, оның қатысушыларын реттеуді және бақылауды жүзеге асырады.



6-сурет. Ақша-несие нарығының құрылымы

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған

Отандық қаржы нарығын мемлекеттік реттеуді ҚР ҰБ іске асырады, ол қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарға қатысты құзырлы орган болып табылады.

Ақша-несие нарығындағы қатынастарды реттеудің заңнамалық базасына келесідей нормативтік және құқықтық актілер жатады:

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім);
- Қазақстан Республикасының Салық кодексі;
- «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының заңы;
- Қазақстан Республикасының «Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» заңы;
- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының заңы және т.б.

ҚР ҰБ ақша-несие нарығын реттеу және дамытуда бірінші кезектегі маңызға ие, құзырлы орган және оның белсенді қатысушысы болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақша-несиелік реттеудің қандай ерекшеліктері бар?
2. Құзырлы орган қандай қызметтер мен міндеттерді атқарады?
3. Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалаудың қандай мақсаттары мен міндеттері бар?
4. Ақша-несиелік реттеудің мақсаттары үшін қандай негізгі нормативтік және құқықтық актілер бар?
5. Орталық банк қандай мақсаттар мен міндеттерді атқарады?
6. Ақша-несиелік реттеу аясында қандай әсер ету шаралары қолданылады?
7. Ақша-несие нарығында қандай қатысушылар жұмыс жасайды?

1.3. Ақша-несие нарығының субъектілері

Ақша-несие нарығының қатысушылары оның субъектілері болып табылады, олар өздерінің қызметтерінің ерекшеліктерін ескере отырып, мәмілелер жасау және қаржылық құралдармен операциялар жүргізу кезіндегі ақша-несиелік үдерістерге қатысады.

Ақша-несие жүйесінің негізгі субъектілері (7-сурет):

- Орталық банк;
- несиелік ұйымдар – банктік және банктік емес мекемелер;
- инфрақұрылымдық ұйымдар – төлем жүйелері, кепілдік қорлары, несие бюролары және т.б.;
- шаруашылық жүргізуші субъект ретіндегі жеке және заңды тұлғалар.



7-сурет. Ақша-несие жүйесінің субъектілері

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған

Аталған субъектілер ақша-несиелік қатынастарды іске асыру барысында бір-бірімен өзара әрекет етеді.

Бұл субъектілердің қызметтерін қарастырайық:

1. Орталық банк

Орталық банк «банктердің банкі» болып табылады. Ол ұлттық валютаны банкноттар мен монеталар түрінде шығаруды, орналастыруды және айналымға жіберуді қамтамасыз ете отырып, эмиссиялық қызмет атқарады. Орталық банк елдегі ақша бірліктерін эмиссиялауға дара құқыққа ие мекеме.

Елдің Орталық банкі ақша-несиелік реттеуді жүзеге асырады және бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, экономикалық өсімге және жұмыспен қамтылу деңгейіне қолдау көрсету мақсатында қаржы-несиелік саясатты орындайды.

Өзінің қызметтерінің аясында «банктердің банкі» төлемдер мен есептеулер жүйесін, сондай-ақ аударым операцияларын ұйымдастырады. Екінші деңгейдегі банктердің корреспонденттік есеп-шоттары елдің Орталық банкінде ашылады.

Аталған қызмет бағыттарынан бөлек Орталық банк құзырлы орган ретінде қаржылық ұйымдарға қатысты басқару қызметтерін де атқара алады. Толығырақ – II бөлімді қараңыз.

2. Қаржылық ұйымдар

Қаржылық ұйымдар қаржы нарығының белсенді қатысушылары болып табылады, оның ішінде:

- банктер;
- сақтандыру компаниялары;
- зейнетақы қорлары;
- инвестициялық қорлар;
- бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары;
- несиелік серіктестіктер;
- ломбардтар;
- айырбастау пункттері;
- микроқаржылық ұйымдар.

Аталған ұйымдар ақша-несиелік айналымға мәміле тарабы немесе операция жүргізудегі делдал ретінде қатысады.

Ақша-несие жүйесінің ең басты қатысушылары – коммерциялық банктер. Банк жұмыс жасау үшін банктік операцияларды жүргізуге лицензия алады. Стандартты банктік операцияларға жататындар:

- есеп-шоттар ашу;
- төлемдер жүргізу;
- депозиттер қабылдау;
- несиелер мен қарыздар беру;
- клиенттерге кассалық қызмет көрсету;
- сейфтік сақтау;
- валюталық операциялар жүргізу.

Екінші деңгейдегі банктер шетелдік және ұлттық валютада қолма-қол немесе қолма-қолсыз формаларда жұмыс жасайды.

Қосымша банктік ұйымдар брокерлік және дилерлік қызметке және кастодиандық қызметке лицензия алуға құқылы. Лицензия негізінде банктер брокерлер және дилерлер ретінде, қаржылық құралдар портфелін қалыптастыра отырып, биржалық нарықта өзіндік және тартылған активтерді қаржыландыру жұмыстарын жүргізеді.

Банктер биржалық нарықта бірнеше секторларда жұмыс жасай алады, оның ішінде шетелдік валюталар нарығы, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы, РЕПО операциялар нарығы, корпоративтік бағалы қағаздар нарығы, деривативтер нарығы.

Кастодиандық қызметке лицензия алу банктің кастодиан болып табылатындығын, осылайша банк қаржылық құралдарды және клиенттердің қаржысын тіркеу бойынша қызмет көрсете алады деген сөз. Сонымен бірге, кастодиан банк құжаттық, қаржылық құралдарды сақтай алады. Бағалы қағаздар нарығындағы кастодиандық қызметті кастодиандық қызметке және сейфтік операцияларға лицензиялары бар банктер жүзеге асыруға құқылы.

Кастодиан, сондай-ақ, облигациялар және төлем агентін ұстаушы өкіл қызметін де атқара алады. Эмитент төлем агентінің қызметін эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті және оларды өтеу кезіндегі облигациялардың номиналдық құнын төлеу үшін қолдана алады.

3. Биржа

Биржа қаржылық ұйымдарға жатады, алайда оның қызметінің ерекшеліктері оны жеке бір санатқа бөліп қарауға мүмкіндік береді. Биржаның сауда алаңы өз табиғаты бойынша жекелеген ақша-несие нарығы ретінде қарастыруға тұрарлық сипатта, мұнда әртүрлі қаржылық құралдар айналымы жүзеге асады.

Биржаның атқаратын қызметтері:

- саудаларды ұйымдастыру;
- биржада жасалатын мәмілелер бойынша әр сатушы және қаржылық құралды сатып алушы үшін, мысалы деривативтер нарығында тарап рөлін атқаратын, орталық контрагент. Қор биржасы дефолтты реттеу және орталық контрагент қызметтерін атқару кезінде өзінің сауда жүйесінің қаржылық құралдарының саудасына қатысады;
- клирингтік ұйым. Клирингтік қызметке қаржылық құралмен мәміле жасау қатысушыларының талаптары мен міндеттемелерін анықтау, тексеру және олар туралы ақпарат беру үдерісі жатады. Клиринг мәмілелер бойынша есептеулерді аяқтау үшін қажет [2].

4. Инфрақұрылымдық ұйымдар

Инфрақұрылымдық ұйымдарды Орталық банктің өзі немесе оның қатысуы арқылы құрылуы мүмкін. Мұндай ұйымдар Ақша-несие жүйесінің қызмет жасауындағы маңызды мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз етеді. Мысалы, бұл банкаралық есептеу орталықтары, кепілдік қорлары, резервтік қорлар, клирингтік ұйымдар, тіркеушілер, депозитарийлер, өздігінен реттелетін ұйымдар, қауымдастықтар, телекоммуникациялық орталықтар, несие бюролары және тағы да басқалар болуы мүмкін.

Инфрақұрылымдық ұйымдар құрылу мақсаттарына байланысты коммерциялық, мемлекеттік немесе аралас меншік формасында болуы мүмкін.

Қоғамдық мүдделерді қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымдық ұйымдарды құру бастамасы көп жағдайда Орталық банктен немесе басқа да қаржылық билік тарапынан болады, ол алдыңғы қатарлы тәжірибеге немесе қаржы нарығының қажеттілігіне негізделеді.

5. Шаруашылық жүргізуші субъект

Қаржылық қызметтердің негізгі тұтынушылары ақша-несиелік қатынастарда әртүрлі операциялар және қаржылық құралдарды қолдану арқылы қатысатын заңды немесе жеке тұлғалар болып табылады.

Ақша-несие нарығы елдің қаржы нарығының бір бөлігіне жатады.

Осыған сүйене отырып, ақша-несие нарығы субъектілері қаржылық ұйымдар қызметін бақылау мен қадағалаудың жалпы нормаларына бағынады.

Бақылау сұрақтары:

1. «Банктердің банкі» қандай қызметтер мен міндеттер атқарады?
2. Биржа, орталық депозитарийдің қандай қызметтік ерекшеліктері бар?
3. Орталық банк қаржылық ұйымдарға қандай қызметтер көрсетеді?
4. Инфрақұрылымдық ұйымдардың қызметтері мен міндеттері қандай?
5. Банктік ұйымдар қандай қызметтер көрсетеді?
6. Несиелік операциялардың мәні неде?
7. Төлем жүйелерінің қызмет ету ерекшеліктері қандай?

1.4. Ақша нарығының негізгі көрсеткіштері

Ақша-несие саясатының негізгі бағдарлары ақша-несие нарығы көрсеткіштері болып табылады, олардың ішіндегі ең бастысы – бұл ақша агрегаттары, инфляция деңгейін және айырбас бағамы. Аталған көрсеткіштер мен экономиканың жағдайы арасында тығыз өзара байланыс бар. Аталған көрсеткіштердің мәнін қарастырып көрейік.


Ұлттық ақшаны елдің Орталық банкі шығарады және қолма-қол – банкноттар мен монеталар түрінде; немесе қолма-қолсыз – контрагенттердің есеп-шоттары бойынша жазба түрінде – ЕДБ болады. Екі форма да ақша базасыны құрайды, оған қосымша шетелдік валютада берілген шетелдік активтер қосылады [20; 22, 15-21 б.]. Көптеген ақпарат көздерінде ақша базасы коммерциялық банктердің қолма-қол ақша сомасы және қорлары түрінде де анықталады.

Ақша-несие саясатының мақсаттары үшін Орталық банктер ақша агрегаттары, инфляция деңгейі, айырбас бағамы сияқты көрсеткіштерді қолданады.

1. Ақша агрегаттары

Банктердің корреспонденттік есеп-шоттарындағы ақша сомасы және айналымдағы ақша экономикадағы жалпы ақша көлемін – ақша ұсынысын немесе ақша массасын құрайды.

Ақша массасы келесідей ақша агрегаттарына бөлінеді, ол 8-суретте көрсетілген.



8-сурет. Ақша-несие нарығы құрылымы

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [20, 20 б.].

Агрегаттар өтімділік деңгейі бойынша төмендейді – абсолютті өтімділікке C және $M1$ ие. Жекелеген ақпарат көздерінде қолма-қол ақша (C) $M0$ агрегаты ретінде беріледі.

2. Инфляция

Ақша сатып алушылық қабілетке ие, ол тұрақты түрде әртүрлі факторлардың әсерімен өзгеріске ұшырап отырады. Қаржы бірлігінің сатып алушылық қабілетінің төмендеуі инфляцияға – ақшаның құнсыздануына алып келеді.

Кері үдеріс «дизинфляция» терминімен анықталады – инфляция қарқынының бәсеңдеуі немесе инфляцияның нөлдік деңгейге жетуі; және «дефляция» – бағалар деңгейінің нөлден төмен түсуі (алдыңғы кезеңдерге қарағанда бағалар деңгейінің кері мәні).

Нарықтық экономика жағдайында бағалардың өсуі инфляцияның ашық формасында көрініс табады. Бағалар тұрақтағанда немесе олардың бағдарлы бекуі кезінде инфляция жасырын немесе басыңқы формаға ие болады, ол нарықтағы тауарлар мен қызметтердің жетіспеушілігімен сипатталады [22, 554 б.].

Жалпы инфляция экономикалық өсіммен бірге жүреді және оның төменгі қарқыны еркін ақшаның аздаған үлесі бар екендігін білдіреді. Алайда инфляцияның әлеуметтік-экономикалық салдары бар және бұл ең алдымен оның қарқыны басқарудан шыққан кезде байқалады.

Құнсыздану салдарына бағалардың бұрмалануы, кірістер бөлінісінің бұзылуы, өндіріс тиімділігінің төмендеуі, халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі және т.б. жатады [832 б., 572 б.].

Инфляцияның түрлері (I) 9-суретте келтірілген.



9-сурет. Инфляция түрлері

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [22, 556 б.]

Инфляция өсуімен бірге монетарлық билік экономикадағы қаржы ұсынысын шектеу бойынша барынша қатаң шаралар қолданады. Жағдай ушыққан кезде стагфляция – экономиканың құлдырауы, жұмыссыздық пен инфляцияның белең алуы орын алады [22, 573 б.].

Экономика ғылымында «инфляциялық салық» түсінігі бар, ол мемлекеттің эмиссиялық белсенділігіне қатысты айтылады. Ұлттық валютаны қосымша шығару кезінде экономикадағы ашқаның құнсыздануы және оның сатып алушылық қабілетінің төмендеуі орын алады, экономикалық субъектілерді шығынға ұшыратады [22, 573 б.].

Сонымен бірге экономист О. Филлипс инфляция және жұмыссыздық арасындағы өзара байланысты анықтады. Аталған теория «Филлипс қисығы» атауына ие. О. Филлипс жүргізген зерттеулер нәтижесі бойынша «жұмыссыздық пен жалақының номиналды мөлшерлемесі деңгейі арасындағы кері тәуелділік анықталды». Инфляция деңгейінің төмендеуі қысқа мерзімді кезеңде жұмыссыздықтың өсуімен бірге жүреді және бағалар жоғарылаған кезде керісінше жұмыссыздық төмендейді – «бағалардың инфляциялық өсімі мен жалақы еңбек ұсынысын ынталандырады және өндірісті кеңейтеді» [22, 575-576 б.].

3. Айырбас бағамы

Ұлттық валютаның айырбас бағамы – басқа елдің ақша бірлігімен көрсетілген, ел валютасының құны. Айырбас бағамы:

- трансшекаралық операциялар және конвертациялар жүргізу кезінде қолданылады;
- импортталатын және экспортталатын тауарлар құнына әсер етеді;
- инвестиция жасау мақсатындағы енгізу және шығару кезіндегі капитал құнын анықтайды;
- макроэкономикалық көрсеткіштерді бағалау және отандық және шетелдік тауарлар мен қызметтердің құнын сәйкестендіру үшін қолданылады.

Айырбас бағамының маңызына сәйкес, ол ақша-несие саясатын жүргізу кезіндегі Орталық банк тарапынан негізгі реттеу және әсер ету нысандарының бірі болып табылады.

Валюталық бағаға ұлттық және шетелдік валюталардың сұранысы мен ұсынысы әсер етеді. Ұлттық валютаның арзандауы оның шетелдік валютаға қатысты құнсыздануын көрсетеді. Ұлттық экономика талаптарына сай келетін, тең салмақты айырбас бағамын қалыптастыру ақша-несиелік реттеудің негізгі басым бағыттарының бірі.

Ұлттық валютаның арзандауы (құнсыздануы) – жоғарғы айырбас бағамы елдің экспорттық операцияларына әсер етеді, алайда импортталатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің, сондай-ақ шетелдік капиталдың қымбаттауына алып келеді.

Ұлттық валютаның қымбаттауы – төменгі айырбас бағамы шетелге шығару кезіндегі отандық тауарлардың өзіндік құнын

көтереді. Отандық өндірушілер шетелдік жеткізушілер тарапынан болған құндық бәсекелестіктен зардап шегуде.

Осылайша, ақша-несие саясатын іске асыру мақсаттары үшін Орталық банк қаржылық ұсынысты, ақша агрегаттарын және ақша құнын – пайыздық мөлшерлемені реттеуді жүзеге асырады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақшаның негізгі мақсаттары қандай (құн шамасы, айналым құралы, жинақтау құралы, төлем құралы және әлемдік қаржы қызметі)?
2. Қазіргі ақшалардың қандай ерекшеліктері бар?
3. Қолма-қолсыз есептесулер жүргізудің қандай негізгі формалары мен әдістері бар?
4. Ақша массасы, ақша базасы, ақша агрегаттары және ақша ұсынымы түсініктері және олардың мәні қалай анықталады?
5. Ақша айналымының қандай ерекшеліктері бар?
6. Ақша айналымының ЖІӨ-ге әсерінің қандай ерекшеліктері бар?
7. Инфляцияның қандай түрлері бар?

АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫНЫҢ МЕХАНИЗМІ

2.1. Ұлттық банктердің қызметі

Ақша-несие саясатының орталық атқарушы органы Орталық банк болып табылады. Орталық банк банк жүйесінің жоғарғы немесе бірінші деңгейін білдіреді. Экономикалық мақсаттар мен тапсырмаларға сәйкес Орталық банктің негізгі мақсаттары елдегі баға тұрақтылығы, жұмыспен қамтамасыз ету деңгейі және елдің экономикалық өсімі болуы мүмкін.

Банк жүйесінің жоғары деңгейі бола отырып Орталық банк ақша айналысына, несиелік ұйымдардың қызметтеріне, төлем жүйесінің жұмыс істеуіне, ұлттық ақша-несие саясатының тиімді жұмыс істеуіне қажетті басқа да міндеттерді орындаудың ережелерін айқындайды.

Орталық банк ақша-несие саясаты дамуының кешенді іс-шараларын жасайды, бағыттары мен басымдықтарын анықтайды.

Орталық банк ұлттық валютаны эмиссиялайды. Орталық банк эмиссиялық орталық болып табылады және ұлттық валютаның шығарылуына, орналасуы мен айналысына жауапты болады.

Ішкі ақша нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін бірінші деңгейлі банк ақша-несие саясатын іске асырады және әр түрлі құралдарды пайдаланады, мысалы:

- есеп мөлшерлемесі (қайта қаржыландыру мөлшерлемесі);
- резервті міндеттемелердің нормативі;
- ашық нарықтағы операциялар [22, 28].

Орталық банк ақша-несие саясаты жүйесін және оған қатысушылардың жұмыс істеу ережелерін бекітетін нормативті-құқықтық базаны жасайды, сондай-ақ монетарлық саясат құралдарын пайдалану тәртібін айқындайды.


Орталық банк қызметтерінің бағыттары туралы ақпарат 10-суретте көрсетілген.



10-сурет. Орталық банк қызметтері

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған

Орталық банк реттеу, бақылау, қадағалау, қаржы нарығына қатысушыларға лицензия беру арқылы елдің қаржылық билігі және реттеушісі ретінде де бола алады. Өз құзыреті шегінде Орталық банк қаржылық ұйымдардың қызметінде қолданылатын пруденциалдық нормативтерді бекітеді. Орталық банк қызметінің қаржы нарығындағы бағыты 11-суретте көрсетілген.



11-сурет. Қаржы нарығындағы Орталық банктің қызметтері

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған

Орталық банк ұлттық төлемдер мен есеп айырысу жүйелерінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, сондай-ақ әлемдік төлем желісінің интеграциясын қамтамасыз етеді.

Орталық банк мемлекеттік қарыздардың белгілі бір бөлігін жабуға арналған мемлекеттік алтын-валюта қорын құрады және сақтайды, сонымен қатар ақша-несие саясатын жүзеге асыру үшін оларды пайдаланады.

Банктердің банкі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің мониторингін жасап, ақша және қаржы көрсеткіштерінің статистикасын жүргізеді.

Қосымша қызметтеріне валюталық реттеу мен экономика субъектілерін бақылау жатады.

Бірінші деңгейлі банк мемлекеттің заңнамасына, нормативтік-құқықтық актілеріне, өзінің ішкі ережелеріне (ішкі құжаттар) жүгінеді, және де халықаралық стандарттар мен ұсынымдар негізінде басқарылады [28].

Орталық банк басқа да қызметтер мен құзыреттіліктерге ие болуы мүмкін.

Шет мемлекеттердің Орталық банктерінің қызметін жеке талдайық.

1. АҚШ федералды резервті жүйесі

АҚШ федералды резервті жүйесі (ФРЖ) өз тарихын 1913 жылы «Федералды резерв туралы» заң қабылданғаннан бастап жүргізіп келеді. ФРЖ-нің жол салушысы елдің тиімді орталықтандырылған қаржы жүйесін қалыптастыра алмаған бірнеше жеке банктер болып табылады. ФРЖ-ні құру бірыңғай реттеуші және эмиссиялық орган құруды айқындаған 1873, 1893, 1907 жылдардағы банкаралық дағдарыстардың қарама-қайшылығының қорытындысы болып табылады. АҚШ федералды резервті жүйесі

Қазіргі таңда ФРЖ келесідей қызметтерді атқарады:

- мемлекеттің Орталық банктік тапсырмаларын орындау;
- АҚШ-тағы қоғамдық қызығушылықтар мен коммерциялық банктердің қызығушылықтары арасындағы тепе-теңдікті сақтау;
- мемлекеттің банк жүйесін қадағалау мен реттеу, инвесторлар мен несиелік ұйымдардың клиенттерінің қызығушылықтарын қорғау;

- ақша эмиссиясын жасау – АҚШ доллары;
- қаржы нарығын тұрақтандыру мен реттеу, тәуекелдерді басқару;
- АҚШ үкіметі мен ресми халықаралық ұйымдарға депозитарлық қызмет көрсету;
- халықаралық және ішкі төлемдер жүйесінің қызмет етуіне қатысу;
- жергілікті деңгейде өтімділікке байланысты мәселелерді жою және несиелік ұйымдарға заемдар беру;
- әлемдік экономикадағы АҚШ-тың рөлін нығайту.

Қазіргі таңда ФРЖ келесідей негізгі құрылымдық бөлімдерді қамтиды: 14 жылға АҚШ Президенті тағайындаған және Конгресс бекіткен, 7 адамнан тұратын басқарушылар кеңесі; Ашық нарық бойынша Федералды комитет; Федералды кеңес беру кеңесі; ФРЖ-ның аймақтық өкілі болып табылатын 12 федералды резервті банктер және басқа несиелік ұйымдар – жүйе қатысушылары болып табылады.

ФРЖ-нің ерекшелігі (басқа мемлекеттердің дәстүрлі Орталық банктерінен мысалы Англия банкінен немесе РФ Орталық банкінен) ол мемлекеттік емес, жеке капитал негізінде құрылған. ФРЖ талаптарына сай келетін кез келген несиелік ұйым оның акцияларын сатып ала алады. Бұл тіркелген дивидендтік табыс алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар тоғыз аймақтық бөлімнің алтауының басқарушылар таңдауға дауыс беруге құқық береді.

ФРЖ-нің қызметтерін бақылауды АҚШ конгрессінің палата өкілдері (жыл сайын есеп береді) және конгресстің Банк комитеті (жылына екі рет есеп береді) жүзеге асырады. ФРЖ жыл сайын аудиторлық тексеруден өтеді. Сонымен қатар, бүгінгі күнге дейін қолданылмағанымен, АҚШ Президенті заң тұрғысынан ФРЖ-нің кез келген басқарушысын жұмыстан шығарып жібере алады.

ФРЖ-нің ең маңызды функцияларының бірі – ақша эмиссиясы. Тәжірибе жүзінде ол келесідей жолмен жүзеге асырылады. Шығарылған ақшалар негізінен АҚШ үкіметінің қарыздық операцияларын (қазыналық міндеттемелер) сатып алуға жұмсалады. Содан соң барып қана банкноталар айналымға жіберіледі.

2. Еуропалық Орталық банк жүйесі

Еуропалық Орталық банкі (ЕОБ) – Еуропалық одақтың қаржылық институты, еуро зонасына қатысушы мемлекеттердің ақша-несие саясатын реттеуші. Штаб-пәтерінің орналасқан жері – Майндағы Франкфурт, Германия.

ЕОБ ресми түрде 1997 жылғы Амстердам келісіміне сәйкес 1998 жылы қалыптасқан. Алайда оның құрылу үдерісі одан әлдеқайда ертеректе басталған.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропаны біріктіру мен бірыңғай нарықтық кеңістік құру басталды. 1947-1957 жылдары аймақтардың мемлекеттік интеграциясы болып Еуропалық төлем жүйесі пайда болды.

1957 жылы Еуропаның ірі мемлекеттері Еуропалық экономикалық одақ (ЕЭО) аумағында бірікті. 1979 жылы өзара есептеулер негізінде еуропалық валюталардың себетіне байланыстырылған шартты ақша бірлігі ЭКЮ қалыптасты.

1988 жылы «Еуропалық валюталық кеңістікті құру мен Еуропалық Орталық банк туралы» меморандумға қол қойылды. 1992 жылы Маахстрихте Еуропалық одақты құру туралы халықаралық келісім жасалды. 1994 жылдың қаңтар айында осы келісімге сәйкес Майндағы Франкфуртта бірыңғай валюта еуроға көшуге дайындықты қамтитын Еуропалық валюталық институт құрылды. Ал 1998 жылы ол Еуропалық Орталық банкке өзгертілді.

Қазіргі таңда ЕОБ халықаралық шарттар негізінде жұмыс жасайтын арнайы заң бойынша білім болып табылады. Оның жарғылық капиталы құрылған кезде 5 млрд еуроға жуық болған, акционерлері – Еуропа мемлекеттерінің Орталық банктері. Ең көп салым жасағандар: Дойче Бундесбанк – 18,9 %, Франция Банкі – 14,2 %, Италия Банкі – 12,5 % және Испания Банкі – 8,3 %. Еуроодақтағы басқа мемлекеттердің Орталық банктерінің үлесі 0,1–3,9 %.

ЕОБ-нің жоғарғы органы – еуро зонасына қатысушы мемлекеттердің Орталық банктерінің төрағалары мен атқарушы кеңес мүшелері кіретін басқарушылық кеңес.

Банк қызметінің қазіргі басшылығы 6 адамнан тұратын (соның ішінде төраға мен оның орынбасары да бар) атқарушы кеңеске жүктелген. Олардың кандидаттығы басқарушылар кеңесі-

мен ұсынылады, сонымен қатар Еуропа парламентімен және еуро зонасына кіретін мемлекет басшыларымен мақұлдануы керек.

Еуропалық Орталық банктің негізгі функциялары:

- еуроаймақта ең әуелі инфляция деңгейі 2 %-дан аспайтын экономикалық тұрақтылықты сақтау;
- еуро аймақтағы ақша-несие саясатын құрастыру және жүргізу;
- алтын-валюта қорын басқару;
- еуроны эмиссиялау;
- пайыздық мөлшерлемелерді бекіту.

Осы функцияларды іске асыруда ЕОБ тәжірибе жүзінде тұрақталған заемдарды береді, жетекші банктер үшін кепілдік аукциондар жүргізеді, валюталық операцияларға қатысады, сондай-ақ ашық нарықта басқа да операциялар жүргізеді.

Өз қызметі шегінде ЕОБ заңды түрде тәуелсіз ұйым болып табылады. Солай бола тұра, ол жыл сайын Еуропарламенттің, Еуропалық комиссияның, Еуропа одағы кеңесінің және Еуропалық кеңестің алдында есеп беруі тиіс [37].

3. Англия Банкі

Англия Банкі – Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігінің Орталық банк (ОБ) қызметін атқаратын мемлекеттік несиелік ұйым. Толық ресми атауы – Басқарушы және Англия Банкі Компаниясы (Governor and Company of the Bank of England). Ресми емес атауы – «Қартайған бикеш».

Англия банкі Еуропа мен дүниежүзіндегі ең ескі Орталық банктердің бірі. Ол 1694 жылы Францияға қарсы соғысты қаржыландырушы жеке компания ретінде құрылған. Мемлекетке алғашқы 1200 фунт стерлинг көлемінде заем берген 1268 акционерлер құрылтайшысы болды. Заңды түрде корольге несие жылдық 8 %-дық мөлшерлеменен, банкнота және вексель түрінде берілген.

Англия банкінің бұл атауды («Ұлыбритания банкі» деген емес) алуының себебі бұл банк мемлекеттің Ұлыбританияның Біріккен Корольдігі болып қалыптасуынан бұрын құрылған. Ал мемлекет бұл атауды 1707 жылы Шотландияны біріктіргеннен соң алды.

Құрылған уақытынан бері бұл банк алтын және күміс секілді бағалы металдармен операция жасауға, вексельдерді шығару

мен есепке алуды жүзеге асыру, қамтамасыз ету үшін ссудалар беруге құқық алған. Сол уақыттарда банкке король отбасы Ұлыбритания парламентінің санкциясыз несиелік беруге тыйым салынған.

Жеке несиелік ұйымның Орталық банк деңгейіне дейін көтерілуі кездейсоқ емес. Бұған Англия банкінің ерекше жағдайы әсер етті. Пайда болғаннан кейін бір жылдан кейін ақша эмиссиялауға монополиялық құқық алды. 1697 жылы парламент осы қаржылық ұйымның шығарған банкноталарын қолдан жасағандарға өлім жазасын тағайындады. Солай бола тұра, жаңа ірі банк ұйымдарына тыйым салынды.

1708 жылы заңды нормалар тағы да күрделене түсті. Вексельдерді шығарумен тек Англия банкі ғана айналысатын болды. Бәсекелестіктің алдын алу үшін құрылтайшылар саны алты адамнан асатын компания құруға тыйым салынды. Қысқа мерзімді (алты айға дейін) заемдар беру қызметі заңнан тыс орын алды.

1844 жылдан бастап Англия банкі, Роберт Пил қабылдаған актіге сәйкес, жеткілікті ашық ұйым болды – өзінің балансы туралы ақпараттарды апта сайын жариялап отыруға тиіс. Бұдан бөлек, банк 2 департаментке бөлінді: эмиссиялық және банктік.

Қазіргі кездегі көптеген Орталық банктерде қолданылып жүрген актив және пассивтер есебі жүйесі осы Англия банкінен бастау алған. Эмиссиялық департаменттегі пассивтер айналыстағы банкноталардан және банктік департамент банкноталарынан тұрады. Активтер – ақша шығаруды қамтамасыз ететін қорлар: мемлекеттік бағалы қағаздар, алтын-валюта қорлары. Шығарылған банкноталар банктік департаментке жіберіледі.

Банктік департаменттің пассивтері 1844 жылдан бері өзгертілмеген, құны 14,5 млн фунт стерлинг болатын жарғылық капиталы құрайды, оны шет елдік Орталық банктердің, Халықаралық валюта қорының, Халықаралық қайта құру және даму банкінің, сонымен қатар үкімет пен коммерциялық банктердің депозитерінің шоттары құрайды. Банктік департаменттің активтері – мемлекеттік міндеттемелер, жазылған вексельдер, берілген ссудалар. Бұдан бөлек, баланстың бұл бөлімін эмиссиялық департаменттен алынған, алайда әлі айналысқа шықпаған банкноталар құрайды.

1946 жылы Англия банкі ұлттық болды. Бұл үшін несиелік ұйым акционерлері өз үлестерін Ұлыбританияның қазынасына беріп, ақысына мемлекеттік қарыздық бағалы қағаздарды алды.

Англия банкі реттейтін соңғы заң 1998 жылы қабылданды. Осы құжатқа сәйкес, ұйымды басқару – басқарушы, оның 2 орынбасары мен кеңестің 16 мүшесі кіретін басқару ұйымына жүктелген. Оның барлығы корольдік жарлыққа сәйкес тағайындалады, ал шындығына келгенде, мемлекет конституциялық монархия болғандықтан, патшайым (королева) тек парламенттің шешімін бекітеді.

Өкілеттілік мерзімі: басшы мен оның орынбасарлары үшін 5 жыл, ал кеңес мүшелері үшін 3 жыл. Өкілеттілік мерзімін ұзарту да қарастырылған. Директорлар кеңесінің отырысы кем дегенде айына 1 рет өтеді.

Англия банкі келесі функцияларды атқарады:

- инфляция деңгейін бақылау, ұлттық валютаның сатып алу қабілеттілігін және айырбастау бағамының тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- мемлекеттің қаржы жүйесінің сенімділігін қолдау;
- банктік сектор жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету.

Ақша-несие саясатын жүргізу қазіргі таңда ресми пайыздық мөлшерлемелерді айқындайтын ақша-несие саясаты комитетіне жүктелген. Алайда бұл мемлекеттік органды басқарушылар құрамына атақты экономистер мен Англия банкінің төрағасы кіреді.

Англия банкі Англия мен Уэльс аумағында банкнота эмиссиялауда монополиялық құқыққа ие. Ал Шотландия банкі мен Ирландия банкі валюталық бағамы Англия банкі валютасымен 1:1 қатынаста болатын өз валюталарын шығара алады [37].

Қорытындылай келе, Орталық банк – ақша-несие саясатын құру мен жүзеге асыруға қатысатын мемлекеттік орган болап табылады. Өз қызметінде банктердің банкі мемлекеттің қызығушылықтарын қамтамасыз етеді; халықаралық стандарттар мен тәжірибелерге сүйенеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақша-несие саясаты аумағындағы Орталық банктердің рөлі мен тапсырмасы неге негізделеді?
2. Орталық банк қандай қызметтерді атқарады?

3. ЕО, АҚШ, Ұлыбритания, Малайзия, БАӘ-нің Орталық банктері мен монетарлық биліктерінің негізгі мақсаты, міндеті, қызметі қандай?
4. Төлем жүйелерінің жұмыс істеуі қалай қамтамасыз етіледі?
5. Алтын-валюта қорын құруда Орталық банк қандай қызмет атқарады?
6. Ақша-несие саясатын жүргізгенде Орталық банк қандай құралдарды пайдаланады?
7. Банктік секторға қатысты бірінші деңгейлі банк қандай мақсаттар мен міндеттерді шешеді?

2.2. Ақша-несие саясатының бағыттары

2.2.1. Ақша-несие саясатының басымдықтары

Ақша-несие саясатының құралдарын Орталық банк ақша-несие айналысын реттеу, тұрақты және бәсекеге қабілетті мемлекеттік қаржы нарығын құру секілді өзінің негізгі функцияларын жүзеге асыруда қолданады. Жаһандану мен интеграция жағдайында бірінші деңгейлі банктер әлемдік аренадағы серіктес мемлекеттермен сай келетін үдерістерді есепке ала отырып жүргізетін іс-шаралардың түзетулерін жасайды. Ақша-несие саясаты мемлекеттің экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Ақша, несие, қаржы нарықтарындағы күйзеліс жағдайында оқиғаларды тұрақтандыру үшін қолданылатын кешенді іс-шаралар бәсекелестік ортасы агрессивті әсер ететін шаруашылық субъектілерінің қызығушылықтарын қамтамасыз етуі тиіс.

Айналыстағы ақшаның артық боп кетуі туралы белгілер пайда бола бастағанда Орталық банк олардың алдын алу үшін қысқа, орта, ұзақ мерзімде әсер ететін түрлі шараларды жүргізеді. Тікелей тиімді әсер ету құралдарымен реттейтін мүмкіндік болмаған жағдайда ақша-несие жүйесіне реформа мен өзгертулердің күрделірек түрлері қажет болады.

Ақша-несиелік реттеу басымдықтарын анықтау мен сәйкес құралдарды қолдану баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, ақша массасы мен ақша айналысын реттеу, төлем жүйесін, жеке жағдайда қаржы жүйесі және басқа да бағыттарды құру мен дамытуды қамтамасыз ету Орталық банктердің айрықша құзыретіне жатады.

Әлемдік нарықтағы оң үрдістер кезінде Орталық банк таңдаған құралдар жиынтығы ел экономикасының ары қарай дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде мемлекет ішіндегі және сыртындағы экономикалық конъюктураның нашарлауы кезінде бұл жиынтық мемлекеттің қазіргі және болашақ кезеңдегі экономикасына кері әсер етуші факторлардан қорғауға және солардың алдын алуға бағытталады.

Орталық банк бекітілен мақсаттар мен тапсырмаларға байланысты ақша-несие саясатының әртүрлі бағыттары мен құралдарын пайдаланады. Қолданылатын саясат ақша-несие саясатының 2 абсолютті оң аралығында болуы мүмкін – «қымбат ақша» саясаты мен «арзан ақша» саясаты немесе тиісінше, рестрикционды және экспансионды саясаттар. 12-суретте ақша-несие саясатының түрлері көрсетілген:



12-сурет. Инфляция түрлері

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [22, 461 б.]

Жаһандану және интеграциялық үдерістер жағдайында тиімді жүзеге асыруда әлемдік және аймақтық нарықта капитал,

еңбек, тауар, шикізатпен байланысты түрлі қиындықтар мен тәуекелдер бар. Елдің мұндай саясаты оның экономикалық басымдықтарына сай келуі тиіс және ішкі-сыртқы нарықтағы жағдайларды есепке алуы керек. Әлемде болып жатқан үрдістер елдің жеке-жеке қарастыратын ішкі экономикалық жағдайларына тікелей әсер етеді.

13-суретте ақша-несие саясатын белгілі бір кезеңдегі ішкі нарық циклдарымен сәйкестендіру мақсатында түзету моделі көрсетілген.



13-сурет. Ақша-несие саясатының бағыттары

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған

Экономикалық қажеттіліктерге байланысты ақша-несие саясатын түзету жүргізіледі.

Соңғы онжылдықта жаһандық экономика өзінің даму көрсеткіштеріне кері әсерін тигізген күтілмеген оқиғаларға көп кезікті. БҰҰ-ның «World Economic Situation and Prospects 2015» есеп ақпараттарына сәйкес бүкіл әлемдік қаржылық дағдарыс көптеген мемлекеттердің ЖІӨ көлеміне, дағдарысқа дейінгі кезеңге қарағанда бұрын болмаған деңгейге дейін төмендеді [23].

ХВҚ алдыңғы жылдың қазан айында мынадай ақпаратты жариялады: «ХВҚ әлемдік өсудің төмендегенін көріп, эконо-

микалық тоқырау протекционизмге әкеп соғуы мүмкін» деп ескертеді:

- төмендеген әлемдік өсу 2016 жылы 3,1 % болса, келесі жылға бұл көрсеткіш 3,4 %-ға дейін жетуі мүмкін;
- экономикасы дамыған елдердегі созылмалы құлдырау экономикалық өсімді тоқтатуға алып келетін әлемдік саудаға кедергі келтіруі мүмкін;
- экономикалық дамудың болашағын жақсарту үшін мемлекеттер ақша-несие, салық-бюджет, құрылымдық саясаттардың барлық тетіктерін пайдалануы тиіс [26].

Келтірілген ақпараттарға сүйене отырып, ақша-несие саясатын тиімді іске асыру дағдарыстық жағдайларды дұрыс жолға бағыттау мен тұрақты өсу жолын құрудың негізгі тәсілі болып табылады деуімізге болады.

Соңғы уақыттарда көп елдердің қаржы-экономикалық одақтары өздерінің экономикалық өсімі мен субъектілердің жұмыс жасау белсенділігіне кері әсерін тигізген біршама экономикалық құбылыстармен жолықты. БАҚ-да ең көп айтылатындары – мұнай бағасының төмендеуі, валюталардың құнсыздануы (ұлттық және серіктес мемлекеттердің), халықаралық қаржы нарықтарындағы күтілмеген оқиғалар, қызметтер мен тауарлар құнының жоғарылау немесе төмендеуі, жеке аймақтардағы саяси тұрақсыздық. Осы үрдістер экономиканың ішкі секторына әсерін тигізеді. Сонымен қатар өз табиғатында тәуекелге ең көп ұшыраушы дәл осы ақша және несие нарықтары болып табылады, себебі олар конъюнктуралық өзгерістерге аса сезімтал болып келеді.

Осы нарықтардың және макроэкономикалық құбылыстардың қазіргі жағдайын бағалаудың ең негізгі көрсеткіштерінің бірі инфляция деңгейі болып табылады. ХВҚ-да жарияланған «World Economic Outlook. October 2016» есебіне сәйкес соңғы кездері көптеген мемлекеттерде 1990 жылдан 2016 жылға дейінгі аралық ішінде инфляция деңгейі айтарлықтай жетістікке жетіп, төмендеген.

Келтірілген себептердің ішіндегі ең бастысы мұнай бағасының төмендеуі. Алайда, айта кетерлік жағдай, инфляция деңгейі, инфляциялық тәуекелдер және инфляциялық күтімдер экономикасы тұрақсыз дамушы мемлекеттерде әлемдік бағаның төмендеуіне қарамастан өсіп кетуі мүмкін. Және де жеке дамыған

мемлекеттерде баға деңгейінің нөлдік деңгейден төмендігін көрсететін дефляция мен дезинфляцияның да өзіндік орны бар. Сол және басқа да жағдайларда едәуір тәуекелдер мен экономикалық осудің салдары пайда болады [24].

Кез келген Орталық банкте өзінің стандартты құралдар жиынтығы болады, ашып айтсақ ақша және несие нарығына тікелей әсер ететін құралдар жиынтығы, оның ішінде қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, резервті міндеттемелер, ашық нарықтағы операциялар, жеке қарыздық құралдардың эмиссиясы. Бірінші деңгейлі банк қолданатын осы құралдар мен басқа да іс-шаралардың жиынтығы ақша-несие саласында, қаржы жүйесінде, экономикада тұрақтылық пен дамуға қатысты саясаттарды анықтайды. Толықтай алғанда қолданылатын қадамдар экономикалық өсімді ынталандыруға бағытталуы керек. Одан бөлек, жаһандық және ішкі жағдайлар ақша-несие саясатын түзетуді, экономикалық үдерістер мен секторларға әр түрлі уақыт мезетінде (қысқа, орта, ұзақ мерзімді) түрлі бағытта әсер ететін құралдарды қолдануды қажет етеді. Субъектілердің, әлеуметтік салалардың қызметіне, экономикалық өсіміне барлық іс-шаралар оң әсер ете бермейді. Олар оң әсер еткені секілді теріс те әсер етуі мүмкін.

«Қазіргі өмірден» келтірілген бірнеше мысалдар:

- инфляцияны басқарамыз – бағаны тұрақтандырамыз, бірақ экономикалық өсімді кешеуілдетеміз;
- валютаны девальвациялаймыз – алтын-валюта қорын сақтаймыз, бірақ доллар деңгейінің жоғарылауына және ұлттық валютаға деген сенімнің төмендеуіне жағдай жасаймыз;
- пайыздық мөлшерлеме саясатын қаталдандырамыз – бағаны тұрақтандыра отырып, инфляцияны төмендетеміз, бірақ сонымен бірге капитал қол жетімділігі де төмендейді;
- пайыздық мөлшерлемені төмендетеміз (есептік/қайта қаржыландыру, базалық және басқа да мөлшерлеме түрлерін) – капитал қолжетімділігін арттырамыз, бірақ инфляцияны қатаң бақылауда ұстап отыра алмаймыз.

Берілген тізім өз кезегінде «шексіз». Сондықтан ақша-несие саясатының қатаң әдістерін теріс үрдістердің алдын алу үшін

қолданған жағдайда ең осал секторлар мен стратегиялық субъектілерді қолдауға мүмкіндік беретін іс-шаралар жасалып, жүзеге асырылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақша-несие саясатының бағыттарының құрамы қалай анықталады?
2. Ақша-несие саясатының қандай түрлері бар?
3. Эмиссиялау мен айналыстан қолма-қол ақшаларды алып тастаудың ерекшелігі қандай?
4. «Қатты» ақша-несие саясаты қалай сипатталады?
5. «Жұмсақ ақша-несие саясаты қалай сипатталады?
6. Несиелік экспансия мен несиелік рестрикцияның ерекшеліктері қандай?
7. Инфляцияға, жұмыспен қамтуға, экономикалық өсімге ақша-несие саясатының бағыттары қалай әсер етеді?

2.2.2. Ақша-несие саясатының режимдері

Орталық банк ақша-несие саясатының соңғы мақсаттарын анықтауға құқылы. Бұл инфляция көрсеткіштері, айырбас бағамының деңгейі, макроэкономикалық көрсеткіштер болуы мүмкін. Осы мақсаттарға байланысты ақша-несие саясатының режимдері 14-суретте көрсетілген:




14-сурет. Ақша-несие саясатының режимдері

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [5]

Берілген режимдер ең маңыздылар болып табылады және Орталық банктердің орта және ұзақ мерзімді мақсаттарына байланысты әр түрлі елдерде қолданылады.

15-суретте айырбастау бағамын таргеттеу режимі көрсетілген:



15-сурет. Айырбастау бағамын таргеттеу режимі

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [5]

Бағамды тіркеу валюталық бағамның нақты белгіленген мәніне немесе оның ауытқу диапазонына қатысты болуы мүмкін. Ұсынылған мәнді ұстап тұру мүмкін болмаған кезде девальвация жүргізіледі – бекітілген көрсеткіштерді төмендетеді. Девальвация дағдарыстық жағдайлардағы бірінші деңгейлі банктердің жүргізетін қатаң іс-шарасы болып табылады. Бұндай шара экономика субъектілеріне кері әсерін тигізеді.

Ішкі нарықтағы валюталық жағдайларды есепке ала отырып ұлттық валютаның қымбаттау бағытына қарай түзетулерге жол беріледі.

16-суретте ақша агрегаттарын таргеттеу режимі ұсынылған:




16-сурет. Ақша агрегаттарын таргеттеу режимі

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [5, 22 б.]

Ақша агрегаттарының мақсатты бағыттары Орталық банк тарапынан негізгі ақша-несие саясатының көрсеткіштері ретінде пайдаланылуы мүмкін. Қажеттіліктерді есепке ала отырып ақша базасы мен ақша агрегаттарын кеңейту немесе тарылтуды түзету іс-шаралары жүргізіледі.

17-суретте «номиналды зәкірсіз» бекітілген ақша-несие саясаты режимі көрсетілген:




17-сурет. «Номиналды зәкірсіз» бекітілген ақша-несие саясаты режимі

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [5]

Бұл режимде Орталық банк ақша-несие саясатын іске асыру үшін макроэкономикалық басымдықтарды бекітеді. Сондықтан экономикалық өсімге, жұмыспен қамтуға, инфляцияның төмен деңгейіне әсер ететін құралдар есепке алынады.

18-суретте инфляцияны таргеттеу режимі қарастырылған:



18-сурет. Инфляцияны таргеттеу режимі

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [5]

Инфляцияны таргеттеу режимі орта мерзімді уақыт аралығында тұрақты ақша-несие нарығын құруға әрекет етеді.

Режимдер мен олардың мақсаттарының айырмашылықтарына қарамастан, Орталық банктер қазіргі және болашақ экономиканың жағдайында ең тиімді құралдар жиынтығын дайындау мен пайдалану үшін барлық көрсеткіштер бойынша бағалау жүргізеді.


Бақылау сұрақтары:

1. Ақша-несие саясатының режимдері дегеніміз не?
2. Инфляцияны таргеттеу режимінің ерекшеліктері қандай?
3. Айырбас бағамын таргеттеу режимінің ерекшеліктері қандай?
4. Ақша агрегаттарын таргеттеу режимінің ерекшеліктері қандай?
5. «Номиналды зәкірсіз» ақша-несие саясаты режимінің ерекшеліктері қандай?
6. Айырбас бағамын таргеттеу режимі мен инфляцияны таргеттеу режимін қолданғандағы ақша-несие саясатының негізгі құралдарын анықтаңыз?
7. Ақша-несие саясатының қандай да бір режимін анықтауда Орталық банк қандай мақсаттарды көздейді?

2.3. Ақша-несие саясатының құралдары

Ақша-несие саясатының құралдары Орталық банктермен ақша-несие нарығындағы тұрақтылықтың қалыптасуы үшін және тиімді ақша ұсыныстарын тарту үшін қолданылады.

Ақша-несие саясатының қалыпты құралдары 19-суретте көрсетілген:



19-сурет. Ақша-несие саясатының құралдары

Ескерту: қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған [22, 460 б.]

1. Пайыздық саясат

Ақша саясатында капиталдың құны ретінде пайыз алынады. Алайда нарықтағы құралдардың сан алуан түрін ескере отырып, ортақ пайыздық мөлшерлемесінің жоқ екендігін атап өткен жөн. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, ортақ пайыздық мөлшерлемелерді құрастыруға бағытталған пайыздық саясат жүзеге асырылады. Пайыздық саясаттың негізін тану үшін оған тиімді бола алатын қаражат құралдарын анықтап алу керек. Олардың тізімі төмендегі 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте

**Құны пайыздық мөлшерлеменің деңгейімен анықталатын
ақша құралдарының тізімі**

Атауы	Нарық	Пайыздық мөлшерлеме	Орталық банктің әсері	Ескертулер
1	2	3	4	5
Экономика субъектеріне берілетін несиелер мен қарыздар	Ақша-несие нарығы – қысқа мерзімді, ортақ мерзімді және ұзақ мерзімді	Жылдық тиімді мөлшерлеме	Жанама	Сұраныс пен ұсыныстың және т.б. факторлардың әсерінен пайда болады
Екінші деңгейдегі банктерге Орталық банктен берілетін несиелер	Ақша-несие нарығы – қысқа мерзімді	Есептік мөлшерлеме	Тікелей	Орталық банкпен бекітіледі
РЕПО операциялар	Ақша-несие нарығы – қысқа мерзімді	РЕПО операциялар бойынша мөлшерлеме	Мәміленің қатысушысы ретінде ұсыныс пен сұранысқа әсер ету	Сұраныс пен ұсыныстың және т.б. факторлардың әсерінен пайда болады
Депозит	Ақша-несие нарығы – қысқа мерзімді, ортақ мерзімді және ұзақ мерзімді	Есептік мөлшерлеме	Тікелей	Орталық банкпен бекітіледі

1	2	3	4	5
Орталық банктегі екінші банктердің депозиттері	Ақша-несие нарығы – қысқа мерзімді, ортақ мерзімді	Есептік мөлшерлеме	Тікелей	Орталық банкпен бекітіледі
банктер арасындағы несиелер нарығы	Ақша-несие нарығы – қысқа мерзімді, ортақ мерзімді	Жылдық мөлшерлеме	Жанама	Сұраныс пен ұсыныстың және т.б. факторлардың әсерінен пайда болады
Валюталық своптар	Шетелдік валюталардың нарығы – қысқа мерзімді	Своп операциялары бойынша мөлшерлеме	Мәміленің қатысушысы ретінде ұсыныс пен сұранысқа әсер ету	Сұраныс пен ұсыныстың және т.б. факторлардың әсерінен пайда болады
Мемлекеттің бағалы қағаздары	Қор нарығы – қысқа мерзімді, ортақ мерзімді және ұзақ мерзімді	Жылдық мөлшерлеме	Мәміленің қатысушысы ретінде ұсыныс пен сұранысқа әсер ету	Сұраныс пен ұсыныстың және т.б. факторлардың әсерінен пайда болады Қаржы министрілігімен бекітіледі
Орталық банктің қысқа мерзімді міндеттемелері	Қор және ақша нарығы – қысқа мерзімді	Жылдық мөлшерлеме	Тікелей	Орталық банкпен бекітіледі
Корпоративтік бағалы қағаздар	Қор нарығы – қысқа мерзімді, ортақ мерзімді және ұзақ мерзімді	Жылдық мөлшерлеме	Мәміленің қатысушысы ретінде ұсыныс пен сұранысқа әсер ету	Сұраныс пен ұсыныстың және т.б. факторлардың әсерінен пайда болады

Ескерту: автормен құрастырылған

Орталық банк ақша-несие және қор нарықтарының пайыздық мөлшерлеріне тікелей немесе жанама тәсілмен әсер етеді:

I. Орталық банкпен бекітілетін пайыздық мөлшерлемелер

Орталық банк бекітетін пайыздық мөлшерлемелерге есептік мөлшерleme немесе қайта қаржыландыру мөлшерлемесі жатады. Бұл мөлшерлемелер мемлекеттің бірінші банкiмен екiншi деңгейдегi банктердi несиелендiру үшiн қолданылады. Есептiк мөлшерleme нарықтық пайыздық мөлшерлемелердi, басқа да қаржы құралдарын бекiту үшiн қолданылады. Сонымен қатар есептiк мөлшерлеменiң өсуi екiншi деңгейдегi банктердiң несиелiк қорларының қымбаттауына әкеледi, соның салдары iшкi ақша-несие нарығына тиедi.

«Қымбат ақша» саясаты жағдайында Орталық банктер есептiк мөлшерлеменi көтередi. Нарықтық субъектiлердiң белсендiлiгiн арттыру мақсатымен Орталық банктер есептiк мөлшерлеменi төмендетiп, қаржыландырудың көлемдерiн көтередi. Қайта қаржыландыру мөлшерлемесiнiң өзгеру әсерi қысқа мерзiмдi және ұзақ мерзiмдi уақытқа созылады. Бұл құнын анықтау мен оның өзгеру мүмкiндiгiн тану үшiн қажет.

Пайыздың басқа түрi негiзгi мөлшерleme болып табылады, ол Орталық банкпен бекiтiледi. Бұл мөлшерleme банктер мен оның субъектiлерi арасына тарамайды және нарықтағы ақшаның бағасын бiлдiредi. Негiзгi мөлшерleme ай сайын бiрiншi банктiң жариялауымен өзгерiп отыруы мүмкiн.

Орталық банк мөлшерлеменi өзiнiң қысқа мерзiмдi мiндеттемелерi бойынша анықтайды. Бұл 12 айға дейiн созылуы мүмкiн, осы уақыт аралығында институционалды инвесторлар өздерiнiң ақшаларын құяды. Осындай мiндеттемелер тиiмдiлiгi жоғары және сенiмдi активтерге қатысты. Бұл құралдар негiзгiлердiң бiрнешеуi болып табылады және ақша-несие саясатын жүзеге асыруға көмектеседi. Өздерiнiң мiндеттемелерi арқылы бiрiншi деңгейлi банк экономикадан қысқа мерзiмдi өтiмдiлiктi алу үшiн қолданады. Мiндеттемелердi шығару ақша-несиелiк реттеудiң қатандануын бiлдiредi. Қажет болған жағдайда бұл құралдар мерзiмiне дейiн өтiлуi мүмкiн.

Бiрiншi банк екiншi деңгейдегi банктерге депозиттердi бередi, олардың пайыздары бекiтiлетiн мөлшерleme болып табылады.

II. Борышқорлық нарықтың пайыздық мөлшерлемелерi

Борышқорлық нарық мемлекеттiң қаржы саласының негiзгi бөлiгi болып табылады. Борышқорлық нарықта келесi нарықтарды бөлiп қарастыруға болады:

- банктік қарыз алу операциялары нарығы;
- РЕПО операциялар нарығы;
- банкаралық несиелер нарығы;
- корпоративті облигациялар нарығы;
- мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы, оған Орталық банктің қысқа мерзімді міндеттемелері жатады.

Пайыздық мөлшерлеме ұсыныс пен сұраныстың әсерінен бекітіледі. Тең салмақты пайызға, сонымен қатар басқа да макроэкономикалық, ішкі және сыртқы факторлар, мысалы, қаржылық тәуекелдер, инвесторлардың күтулері және инфляциялық және девальвациялық күтімдер әсер етеді.

Барлық аталған нарықтарда, Орталық банктің өзіндік қысқа мерзімді міндеттемелерінен басқа, баға қалыптасуының нарықтық механизмдері жұмыс жасайды

Алайда ақша-несиелік реттеудің аясында Орталық банк нарықтық үдерістерге ақшаға деген қосымша сұранысты туындаттырып әсер етеді. Бұл, ең алдымен, РЕПО операциялар нарығына, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар нарықтарына тиісті. Осыларды бірінші деңгейлі банк ақша құралдарының сату-сатып алу операциялары арқылы жүзеге асырады.

III. Депозитті нарықтың пайыздық мөлшерлемелері

Депозитті нарықта келесідей түрлері қарастырылады:

- екінші деңгейдегі банктерде орналастырылатын экономика субъектілерінің депозиттері;
- банкаралық депозиттер;
- Орталық банктегі екінші деңгейдегі банктердің депозиттері.

Алғашқы екі депозит түрі бойынша пайыздық мөлшерлемелердің құрылуы нарықтық механизмге қатысты болып келеді. Алайда бірінші банк экономикадағы ақша құнын тағайындайды, олар: есептік мөлшерлеме мен негізгі мөлшерлеме, бұлар депозиттердің жылдық пайызына жанама түрде әсер етеді.

2. Резервтік талаптардың нормалары

Банк жүйесіндегі тәуекелділікті төмендету және ақша-несиелік реттеуді жүзеге асыру мақсатымен Орталық банк қор талаптарының нормаларын қолданады. Бұл қор нормалары екінші деңгейдегі банктердің міндеттемелеріне қатысты болып келеді – ішкі және сыртқы, ұлттық және шетелдік валютада.

Қорлардың нормалары банк міндеттемелері сомасынан есептеленетін пайыз формасында тағайындалып, әрдайым есептелініп отырады. Құрастырылған қорлар екінші деңгейдегі банктердің шоттарында Орталық банкте сақталады (ұлттық валютада) немесе корреспондент-банктерде (шетелдік валютада) сақталады.

Қор нормалары банктің өзінің тұтынушылары алдындағы міндеттемелерін орындамауы жағдайының тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді. Қорлануға барлық міндеттемелер түрлері жатады – тартылған депозиттер, алынған несиелер, орналастырылған ағымдағы шоттар мен талап етілгенге дейінгі шоттар.

Орталық банк қордың бір нормасын тағайындап, немесе оны тәуекелдің деңгейі бойынша өзгертіп отыруы мүмкін – қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді; ішкі (резиденттердің алдында) және сыртқы (резиденттер еместердің алдында); ұлттық және шетелдік валюталарда.

Ақша-несие саясатының көзқарасымен, қорлар нормасын көтеру ақша сұранысының деңгейін төмендетеді, демек, коммерциялық банктердің өздерінің экономиканы қаржыландыру әрекеттерінде пайдалана алатын ақшаның барлық көлемі. Осындай шара рестрикциялық – яғни ұстап тұратын саясатқа жатады. Қор талаптарының нормаларын төмендету банк аясындағы өтімді активтердің көлемін көбейтіп, экспансионистік – ынталандыратын саясатқа жатады.

3. Ашық нарықтағы операциялар

«Жұмсақ» ақша-несие саясаты жағдайында Орталық банк қаражат құралдарын сатып алуды жүзеге асырады, осылай ол нарықтағы өтімділікті көтереді. Ақша ұсынысының көлемін шектеу қажеттілігі пайда болған кезде Орталық банк нарық қатысушыларына қаражат құралдарын сатады, осылай артық ақша көлемін жояды.

Ашық нарықтағы операцияларға келесілер жатады:

- Орталық банкпен мемлекеттік бағалы қағаздарды шетелдік және отандық шығарушылардан сату және сатып алу;
- РЕПО операциялар;
- ішкі нарықтағы шетелдік валютаны сату және сатып алу;
- валюталық своп операциялары.

Ішкі нарықтан бөлек, Орталық банктер халықаралық және шетелдік ақша нарықтарында да өз операцияларын жүргізеді. Бұл қызмет алтын қорының қалыптасуына немесе аймақтағы шекарааралық саясатына жатуы мүмкін.

4. Орталық банктің реттеу шаралары

Орталық банк ақша-несие нарығы мен макроэкономикалық көрсеткіштердің мониторингісін өткізеді. Нәтижесінде мемлекеттің бірінші банкі ұлттық экономика мен нарықтың өзінің талаптарына сәйкес келетін шаралардың жиынтығын жасайды. Олар:

I. Экономиканы жандандыру мен іскерлік белсенділікті ынталандыру үшін экономика субъектілері үшін ақшаның қолжетімділік шаралары қолданылады, оның ішінде нарықтағы ақша активтерін ұсыну көлемдері де артады, пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі төмендейді – табиғи жолмен немесе Орталық банктің қатысуымен.

Алайда белгілі бір деңгейде ынталандыру нарық пен экономиканың «тым қызып кетуіне» әкелуі мүмкін. Ақша тым көп болған кезде, олар өздерінің құндылығынан айырылып, бұл ұлттық валютаның инфляциясы мен валюта бағамының өсуінде көрініс табады. Өз кезегінде қолжетімді капиталдың болуы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қайта шығаруға әкеледі, бұл да оларға деген сұраныстың төмендеуінен құнсыздануға әкеледі.

II. «Тым қызып кету» қаупі төнген кезде Орталық банк нарықтық үдерістерге ақша қорларының қолжетімділігін шектеу арқылы араласады. Олардың көлемдерін азайтып, нарықтағы пайыздық мөлшерлемені көтереді. Экономика субъектілерінің ақшаға деген сұранысы төмендейді, нәтиже ретінде инфляцияның өсуі тоқтап, ұлттық валюта да реттеледі.

Алайда осындай шаралар іскерлік белсенділіктің төмендеуіне әкеліп, экономикалық өсуге бөгет болады, сондықтан да банктердің банкі өзінің рестрикция бағамын біртіндеп жұмсарту арқылы ретке келтіреді.

Ақша-несие нарығында қандай да бір үйлесімсіздік пайда болған кезде Орталық банк ақша ұсынысына келесі шаралар арқылы әсер етеді:

- нарықтағы операцияларға тікелей қатысу арқылы ақша ұсынысының көлемін өзгертеді;

- банк аясына қажетті қорларды ұсыну арқылы немесе екінші деңгейдегі банктерге депозиттерді беру арқылы;
- ұсыныс көлемін жанама өзгерту арқылы немесе коммерциялық банктер үшін капиталды шектеу арқылы;
- пайыздық мөлшерлемелерлерді өзгерту арқылы нарықтағы ақша бағасының өсу немесе төмендеуі арқылы.

III. Ақша-несие саясатын жүзеге асыру кезінде Орталық банк ұлттық валютаның валюта бағамын шетелдік валютаға қарап бағалайды. Қажет болған жағдайда валюталық интервенция немесе валюталық шектеулер формаларында реттеу қызметтері жүргізіледі. Орталық банк ішкі нарықтағы шетелдік валютаның ұсынысы мен сұранысына әсер етеді. Осылай ол оның қымбаттауын немесе арзандауын ынталандырады.

Осылайша, тұрақты өсуді қалыптастыру мақсатымен ақша-несие саясатының әртүрлі құралдары қолданылады.

Орталық банк ақша-несие нарығы мен макроэкономикалық көрсеткіштердің тексерісін өткізеді. Нәтижесінде мемлекеттің бірінші банкі ұлттық экономика мен нарықтың өзінің талаптарына сәйкес келетін шаралардың жиынтығын жасайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Есептік мөлшерлеме деген не?
2. Есептік саясаттың ерекшелігі неде?
3. Пайыздық саясаттың мазмұны не?
4. Орталық банк ашық нарықта операцияларды жүргізгенде қандай құралдарды қолданады?
5. Ашық нарықтағы операциялардың негізгі активтері қандай?
6. Алтын қорларын қалыптастырудың ерекшеліктері неде?
7. Қор талаптарының нормативтерінің мақсаты мен міндеттері қандай?

2.4. Сыртқы әсер ету арқылы ақша-несие саясатын жүзеге асыру

Әрбір экономика мен оның ақша-несие нарығы сыртқы элементтің әсеріне ұшырайды. Интеграциялық және жаһандану үдерістері ақша-несие саясатын жүргізуге өз «қиындықтарын» әкеледі. Орталық банктердің жұмысын қиындатады. Ашық нарықтар ішкі бағыттан сыртқа қарай және керісінше бағытта

капиталдың еркін ауысып отыруына мүмкіндік береді. Халықаралық ақша нарықтарының дамуы ішкі және сыртқы үдерістерге өз әсерін тигізеді. Олар ақшаның келуіне немесе олардың шетелдік валютада кетуіне септігін тигізеді. Ақшаның келуі біріншіден, шетелдік валютада ұсыныстың өсуіне әкеледі. Ақшаның кетуі көлемнің азаюында көрініс табады.

Тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің экспорты және импорты жағдайында да ұқсас мәселелер болып жатыр.

Қаржы дағдарысы капитал нарықтарына таралады – олар ақша саласының тәуекелдеріне байланысты болып келеді. Қысқа мерзімді ақша-несие нарығы сыртқы әсерлерге өте тез жауап береді, оның ішінде пайыздық мөлшерлеменің, ұлттық валюта бағамының, сұраныс пен ұсыныс көлемдерінің өзгеруіне байланысты болып келеді. Сату-сатып алу операцияларының болуы – бір жағынан, нарықтардың өтімділігін көтерсе; екінші жағынан – тәуекелдер деңгейінің өсуіне әсер етеді.

Шетелдік серіктестер, шетелдік қаржылық мекемелер мен инвесторлар ақша-несие нарығында өз қызметтерін экономикадағы ақшаға деген сұраныс пен ұсынысты қалыптастыра отырып жүргізеді. Отандық субъектілер шетелдік ақша-несие нарықтарына мемлекеттердің ағымдарын өзгерту арқылы шығады.

Аталған барлық факторлар ақша-несие саясатына жеткілікті түрде әсер етеді. Орталық банктің рөлі ішкі және сыртқы нарықтар арасында ақша ағымының бақылауын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар мемлекет ішінде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету кіреді.

Сондай-ақ бірінші деңгейдегі банк сыртқы әсер етулердің нәтижелерін модельдеуі және болжам жасауы керек, бұл теріс мәселелердің орын алмауы үшін және ақша-несие жүйесі мен қаржы нарығының дамуы үшін қажет.


Ақша-несие саясатының барлық құралдары ішкі нарықтың халықаралық ақша-несие нарықтарына интеграциясын есепке ала отырып, реттелуі қажет.

Қойылған мақсаттарға сәйкес Орталық банк төлем және сату балансының бағалауын өткізеді. Міндетті түрде валюталық реттеу мен бақылау жүзеге асырылады.

Төлем балансының шоттары ұлттық экономикамен және басқа да мемлекеттердің экономикасымен жүргізілетін опера-

цияларды көрсетеді. Баланстың жеткіліксіздігі олардың келуіне қарағанда кетуінің көп болуымен түсіндіріледі. Ақша-несие саясатын жүргізу жағдайында Орталық банк ақшаның жеткіліксіздігін жоюға тырысады. Осы қызметтің нәтижесі оң болғанда, бірінші деңгейдегі банк ішкі нарықтағы қорларды көбейтуге мүмкіндік алады.


